

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Көрнекті ғалым-этнограф, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Халел Арғынбаевқа арналған
«ІІІ АРҒЫНБАЕВ ОҚУЛАРЫ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ РОЛІ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
13-14 сәуір 2018 ж.



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ІІІ АРҒЫНБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ. СОВРЕМЕННАЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ НАУКА
И ЕЕ РОЛЬ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»
13-14 апреля 2018 г.

MATERIALS
of the international scientific and practical conference
"III ARGYNBAYEV READINGS. MODERN SCIENCE OF ETHNOGRAPHY AND ITS ROLE
IN THE MODERNISATION OF THE PUBLIC CONSCIOUSNESS"
April 13-14, 2018

Алматы
«Қазак университеті»
2018

жеткізуді көздеп отырмыз. Негізгі мақсат – жан-жақты білімді, қабілетті жеке тұлғаны, еліміздің ертеңгі тұтқасын берік ұстауға дайын толыққанды жетілген мемлекетшіл, патриот жаңа буын қалыптастыру», – деп өз сөзінде облыс басшысы Жансейіт Түймебаев мырза айтып өткен болатын.

Айта кетерлігі, Оңтүстік Қазақстан облысында педагог кадрларды қайта даярлауда биыл 17 мың педагог біліктілігін арттырған. Сондай-ақ, облыстағы 15 аудан бойынша құрамына 352 мұғалім енген мобильді топтар құрылып, жұмыс атқарылуда. Ал 2018 жылы 2500-дан астам мұғалімді ағылшын тілі курсынан өткізу жоспарланып отыр.

Облыс әкімдігі мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы арасында 2017-2019 жылдарға арналған өзара ынтымақтастық орнату жөнінде меморандумға қол қойылған. Аталмыш іс-шара болашақта меморандум нешінде аймақтағы мектеп мұғалімдері «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» озық педагогикалық тәжірибелерін меңгеруде зор ықпалын тигізетін болады [5].

Оңтүстік Қазақстан облысының білім саласын сөз еткенде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетін атап өтпеске болмайды. Өзінің 80 жылдық мерейтойын тойлаған ордалы ору орнының тарихы тереңде жатыр. Аталмыш оқу орны 1937 жылы Шымкент педагогика институты болып, 2011 жылы Елбасының тікелей араласуымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта ашылған. 2017 жылдың 17 қарашасында Үкімет қаулысымен институт – университет мәртебесіне ие болды.

Сапалы профессорлық-оқытушылық құрамымен отандық ғылым мен білімнің көшбасшысы атанған бұл білім ордасы – 60 мыңға жуық педагогтар мен көптеген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерге алтын ұя бола білген. Алғашында Шымкент мұғалімдер институты болып ашылған оқу ордасы, ұлттың зиялы, мәдени және рухани әлеуетін құрудың негізі бола білген университет күні бүгінге дейін қабілетті, бәсекелестікке алғыр жаңашыл мамандарды дайындап келеді [6].

Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет пен білім саласында ғана емес, барлық жағынан қарқынды даму үстінде. Әр түрлі жобалар жасалынып, жоғарғы деңгейде іс-шаралар атқарылуда.

Әдебиеттер:

1. Өскен өңір: Оңтүстік Қазақстан – өркениетке ұмтылған өлке http://www.inform.kz/kz/osken-onir-ontustik-kazakistan-orkenietke-umtylgan-olke_a3047073 Қараған уақыт: 10.11.2017.

2. Нурсултанова Л.Н., Сапарбаев Б.К. Оңтүстік Қазақстан облысы: дамуы мен болашағы. Монография. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2013. – 242 б.

3. Оңтүстік Қазақстан газетінің ресми сайты <http://okg.kz/bilik/item/11010-tarikhi-oryndar-kajta-zha-yrmak> Қараған уақыт: 20.11.2017.

4. Білім нысандарына 31,9 млрд.тенге бөлінген <http://okg.kz/aspan-asty-zher-sti/item/11006-bilim-nysandaryna-31-9-mlrd-te-ge-bolingen> Қараған уақыт: 27.11.2017.

5. ОҚО әкімдігі мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» арасында меморандумға қол қойылған <http://ontustik.gov.kz/kk/news/oko-kimdigi-men-nazarbaev-ziyatkerlik-mektepteri-arasynda-memorandumga-kol-koyyldy> Қараған уақыт: 2.12.2017.

6. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті 80 жылдық мерейтойын атап өтті <http://ontustik.gov.kz/kk/news/ontustik-kazakistan-memlekettik-pedagogikalyk-universiteti-80-zhyldyk-mereytooyun-atar-otti> Қараған уақыт: 5.12.2017.

М.Қ. Дауытбекова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, т.ғ.к.

А. Ерғабалов

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1 курс магистранты (Алматы қ.)

БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Әрбір қоғамдық құбылыстың жан-жақты талдамасы оның туындау, пайда болу және әрі қарайғы дамуы тәрізді ішкі мүмкіндіктерін көрсететін белгілерден тұрады. Дәстүрлі қазақ қоғамында сипаты мен қызметі жағынан әлеуметтік топ ретінде жетілген батырлар институты дәл осы қағидаға сай дамыды. Ал оған әсер етуші қандай белгі дегенге келсек, ол көшпелі қоғам қарым-қатынастарының басты жиынтығын құрайтын ру-тайпалық жүйе. Тарихи кезеңдерде орын алған түрлі оқиғаларға байланысты көшпелі қоғамдық құрылымдар тез арада қайта қалыптасып, соның негізінде әскери-саяси мүдделер алдыңғы орынға шығып, әлеуметтік-экономикалық ұстанымдарға негізделген салалар кейінге шегерілді не болмаса, мүлде істен шықты. Бұл жерде ресейлік ғалым Г.В. Марков ұсынған көшпелілердің қоғамдық құрылымындағы кезектесіп отыратын екі түрлі жағдай идеясымен келісуге болады [1, 311-312 бб.]. Идея бойынша бейбіт уақытта шаруашылық мүдделері көшпелі қоғамның өз бетінше дамып және тайпалық билік институттарының әлсіреуіне әкелді; ал соғыс кезінде

шаруашылық мүдделері ысырылып, тайпа көсемдерінің билігі артта және барлық қоғамдық ұйым «әскери-көшпелі» қалыпқа көшірілді. Мұндай ұйымдардың басында ру және тайпа басшыларының басқосуларында сайланған ықпалды және саяси қабілеті мол жетекшілер тұрды да, олардың басты қызметі ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы саяси мәселелерді шешу болды. Міне осы кезде тақырыбымыздың өзегі болып отырған батырлардың сын сағаты соғып, қоғамның болашағы олардың іс-әрекетіне қарай дамыды.

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері батырлар институтының ықпалының артуы мен олардың жеке әлеуметтік топ ретінде толыққанды қызмет атқаруын айқындап берді. XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының сыртқы жауы тек жоңғарлар ғана емес еді. Батыстан Еділ қалмақтары қысты, оңтүстікте Хиуа мен Бұхара хандығы мазалады, теріскейде башқұрттар қику салып, сырттан орыс патшасы азу салуға даяр тұрды [2, 75 б.].

Міне, осындай аласапыран, қилы кезеңде Тәуке ханнан кейін билік тұтқасын ұстаған қазақ хандары арасында алауыздық туып, елдің елдігін сақтап қалу жолында батырлардың ықпалы айтарлықтай артып шыға келді.

XVII–XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік сататусқа ие болуына қолайлы жағдай туғызғаны туралы тұжырым жасаймыз. Сондықтан ел басына күн түскен сәтте саяси басымдылық батырлар қолына өтті. Бұл туралы зерттеуші Н.Г. Апполова: «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырлар тек қана әскери жорықтарда маңызды рөл атқарған жоқ. Олар әртүрлі дипломатиялық тапсырмаларды орындайтын елшілер ретінде де белсенділік танытады. Ақсақалдар кеңесіне де құлшына араласады. 30 – жылдардағы феодалдық күрес кезінде берік топты құраған Бөкенбайдың басқаруындағы батырлар қазақтардың Ресейдің қарамағына өтуіне шешуші күш болған», - деп жазды [3, 169 б.]. Сыртқы жаудан қорғану, елдің ішкі бірлігін сақтау сияқты күрделі мәселелерде батырлардың рөлі жоғары болды. Батыр атағын ақсүйек және қарасүйек өкілдері де қоғамдық дәрежесіне қарамастан бірдей иелене алатын, әрі батырлар XVII–XVIII ғасырлардағы сыртқы фактордың күштілігінен қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды.

Ендігі жерде батырлар институтының атқарған қызметі мен оны реттейтін ережелердің мазмұнын және қалыптасуын толығырақ ашып көрелік. Ол үшін бұл мәселені батырлардың әлеуметтік – экономикалық және ішкі саяси қызметі деп бөліп қарастырғанымыз жөн. Алдымен қарастырылып отырған институттың әлеуметтік – экономикалық қызметіне тоқталсақ.

Батырлар тобының институт ретіндегі әлеуметтік – экономикалық қызметі ең алдымен «барымта», «олжа», «сауға» тәрізді ұғымдармен сабақтасып жатыр. Өйткені батыр жай ғана қол бастаған жауынгер емес, қалыптасқан жағдайға байланысты ірі мал және жер иеленуші, барымташы, аңшы т.б. болатын. Тақырыбымыздың толық мазмұнын ашу үшін олардың әрқайсысына жеке – жеке түсіндірмелік талдау берсек.

Қазақ ұлттық энциклопедиясында «барымта» ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Барымта – қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінде ерте замандарда қалыптасқан ұғым. Барымта бастапқы кезде прогрессивті рөл атқарған: «қанға – қан, жанға – жан» дәстүрі адам мен адам, ру мен ру арасындағы қастықты күшейте түсетіндіктен, кек қайтаруды құн төлеумен алмастыру, егер де кінәлі жақ әр түрлі себептермен белгіленген құн мөлшерін өтей алмаса немесе бұлтарса ақсақалдар алқасының, билер сотының кесімімен барымта жасауға яки, оның өрістегі малын айдап әкетуге рұқсат етілген. Сондықтан барымтаны ұрлықпен, тонаушылықпен, шапқыншылықпен шатастыруға болмайды. Кезінде барымтаны кегі қайтпаған, есесі кеткен жақ жариялы түрде жасаған. Оған біреудің ақ баталы жесірін не некелі әйелін азғырып әкету, кісі өлтірген жақтың кесімді құнды төлей алмауы, біреудің қорық жеріне мал жайып, қыс қыстауына, жаз жайлауына рұқсатсыз қону, ортаға түскен олжадан тиісті үлес – сыбаға бермеу, тойға шақырмай елеусіз қалдыру, т.с.с. дала заңына, салт – санасына қайшы келетін жағдаяттар себеп болған. Сондықтан, барымталаушының ісі заңды әрекет саналған. Егер барымта шектеулі мөлшерден артық жасалса, онда жапа шеккен жақ қарымта қайтарған. «Барымтаға – қарымта» деген мәтел соған байланысты шыққан. Екі жақтың дауы біткен кезде барымталанған мал, мүлік түгелдей есепке алынған. Ал санаққа ілінбей, білінбей қалғандары сырымта ретінде сіңіп кеткен. «Білсе – барымта, білмесе – сырымта» деген сөзде содан қалған. Тәуке ханның тұсында құн төлеу институтының тәртіптелуіне байланысты, барымта дала қоғамындағы заңдылық пен реттілікті сақтаудың бірден-бір құралына айналды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақ елі Ресейдің қол астына қарап, отарлық өктемдіктің күшеюіне, дала халқын билеп – төстудің жаңа әкімшілік – құқықтық тетіктері енгізілуіне орай, көптеген әдет – ғұрып қағидалары өзінің бастапқы мән – мағынасын жоғалтты. Әсіресе, құн өтеу амалы – барымта мал ұрлау мен талан – тараж, шапқыншылық ретінде айыпталды. Мысалы, 1822 ж. 22 маусымдағы «Сібір қазақтары туралы

жарғының» 202 – бабында: «қазақтарға қатысты тек: 1) мемлекеттік мүддені сату; 2) кісі өлтіру; 3) тонау мен барымта; 4) өкімет билігіне әдейі бағынбау қылмыстық іс саналсын» деп атап көрсеткен. Содан бастап қазақ жерінің әр тарабында билер соты барымтаны ұрлыққа жатқызып, барымташыларды қатаң жазалау туралы үкімдер шығара бастады» [4, 159 б.].

Сонымен келтірілген түсініктің негізінде қазақ қоғамындағы «барымта» ұғымы батырлық пен батылдық көрсеткіші ретінде бағаланғандығына көз жеткіземіз. Яғни, барымтаның өзі қоғамда орын алған жер дауы, жесір дауы, олжа түсіру, кек алу, талабын орындату т.б. осындай қарым-қатынас қызметтеріне қарай туындап отырған.

Қарастырылып отырған кезеңдегі түсінікте барымта негізінен ержүрек және білекті жігіттердің, бір сөзбен айтқанда батырлар қызметінің бір түрі болған. XVIII–XIX ғасырлардағы Ресей зерттеушілері мен әскери-әкімшілік қызметкерлері бұл құбылыстың мазмұнын ұғына алмай, қарақшылықтың бір түрі деп сипаттады. Мәселен, орыс деректерінде «қазақтар барымтадағы ержүректілігі арқасында батыр деген құрметке ие болады», - деп жазса [5, 63 б.], Л. Костенко: «Ештеңеден тайсалмайтын қарақшылар мен ұрылар халық арасында құрметке ие болып, батыр деген атқа лайық болатын», - деп атап өтеді [6, 42 б.]. Олардың бұлай қорытынды жасауларының басты себебі, біріншіден өзге мәдениет өкілдері болғандықтан, екіншіден тұрмыс салты отырықшылыққа негізделгендіктен қазақ қоғамының болмысын түсіне алмады. Есесіне бұл мәселені зерттеуші С.Е. Толыбеков жан-жақты талдай келе төмендегідей қорытынды береді: тонаушылық пен қарақшылықты олар (қазақтар – авт.) ұят іс деп санамады, керісінше кім мұндай іс-әрекеттерді көп жасаса өз ортасында үлкен құрметке ие болып, оны алып күш иесі және ержүрек адам ретінде көпшілік арасында мадақтады [7, 220 б.]. Оның үстіне осы мәселе жөнінде адай руының ақсақалы айтқан төмендегі сөздер біраз жайтты аңғартса керек: «Бізді, адайларды жабайы, тағы, ақылсыз тіпті тонаушылар деп те айтады, айтса айта берсін...бірақ адайлар ұры емес» [8, 14 б.].

Бір айта кететіні барымтаның бастапқы белгілері ерте кезеңдегі сақ – скифтерде және кейінгі түркілерде біліне бастаған. Ежелгі авторлардың бірі Лукиан Самосатский сақ-скифтердің ешбір қоғамдық келісімсіз тек қана олжа түсіру мақсатында басын қауіп-қатерге тіге отырып, тонаушылықтар ұйымдастырғанын жазады [9, 558 б.]. Ежелгі түрік тайпалары бірін-бірі бағындыру үшін, алдымен қарсыласының жылқыларын қуып алып, оларды әлсіретуге тырысқан. Демек барымта жайдан-жай пайда болған құбылыс емес, тарихи тамыры бар саяси-әлеуметтік болмыс. Қарастырылып отырған уақытта барымта қалыпты және күнделікті жағдайға айналды деуге болады. Егерде қандай да бір руаралық кикілжің орақ тілді билер тарапынан шешілмесе, онда іске екі жақтың барымташы батырлары араласып, мәселені сойыл-шоқпардың көмегімен реттеуге тырысқан. Кей кездері ру аралық барымта біршама уақытқа дейін созылып, ушыққаны соншалық адам өлімі де орын алып отырған. Мәселен, зерттеуші Т. Шойынбаевтың еңбегіндегі деректерге сүйенсек шекті руының бірнеше барымташысы Жанқожа батырдың ауылынан жылқы айдап әкетеді. Соңына түскен батыр олардың екеуін де қолға түсіріп, Сыртай атты бейіттің жанына асып қояды [10, 33 б.]. Көп жағдайда барымта кезінде екі жақ адам өлімінен сақ болуға тырысатын. Соған байланысты «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген сөз тіркесі барымтаның басты қағидасы болған. Барымта кезінде өлім – жітімге жол бермеуінің басты себебі құн төлеу жүйесінде жатты. Мысалы, тобықтылар мен матайлар арасындағы бір барымталасу кезінде матай руының батыры Тәнеке Дөсетұлы жігіттеріне сақ болыңдар өлім болмасын, бір бейбақтың құны – 100 жылқы, оны төлейтін жайымыз жоқ десе, керей мен найман арасында орын алған барымтадағы сойылдасуда керейдің әйгілі барымташы батыры Төлен найманның үш бірдей жігітін аттан құлатады. Сол кезде найманның 16 жасар Барлыбай атты жас батыры Төленмен алыса кетеді де күші асып оны қолындағы балтасымен ұрайын дегенде, әкесі қолынан ұстап алып, өлтірме құнын немен төлейсің деп тоқтатады [4, 188 б.]. Сол себепті де барымта уақытында қазақтар қандай ашу үстінде болмасын істі насырға шаптырмауға тырысқан. Ең бастысы құн төлеуден ерекше қорыққан. Осыдан алып қарағанда құн төлеу жүйесі барымта кезінде адам өлімін болдырмауда прогрессивті рөл атқарған.

Барымтаның сәтті аяқталуы көбіне бір топтың қатарында есімі сол өлкедегі жалпақ жұртқа танымал айтулы батырлардың көптеп тартылуына байланысты болған. Сол себепті де бай-шонжарлар өздерінің маңайына тақымы мықты, білекті жігіттерді топтастырып, көршілес руларға және сауда керуендеріне барымта ұйымдастырған. Ал кейде керісінше болып барымташы-батырлар бай-шонжарлардың, сұлтандардың малдарын барымталап кедей – кепшікке үлестіріп беріп отырған. XX ғасырдың басында Шыңжаңда өмір сүрген Зуха батыр маңайына өзі тәріздес жаужүрек жігіттерді топтастырып қазақ, қытай, моңғол байларының жылқыларын айдап әкетіп тұрмысы нашар ауылдарға таратқан. Монғолияның Баянөлгей аймағында Рамазан деген атақты барымташы болып, ол 19 жыл бойы барымта арқылы бір ауылды асырап тұрған [4, 192 б.].

Тарихи мәліметтерге жүгінсек көп жағдайда барымтаға басқа мүліктен гөрі, мал түскен және оны белгілі бір талапты орындату үшін кепілдікте ұстаған [11, 133-134, 170 бб.]. Барымтаның мұндай түрі әсіресе Ресейдің қазақ жеріне отарлық пиғылмен аяқ басқан күннен бастап жиелей түседі. Мәселен, елші М. Тевкелевтың келгеніне наразы болған Бақтыбай батыр полковник Гербердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенді тоқтатып, оның жартысын жергілікті халыққа таратып береді [12, 89 б.]. Ал қазақ даласын Ресей тарапынан бекітілген хан-сұлтандар басқара бастаған тұста, барлық билік ру-тайпаға арқа сүйеген батырлар мен билердің қолына көшіп, барымта тіпті құлаш жаяды. 1799 жылы Кіші жүздің Төртқара руының батырлары Қаралтай мен Сарыалтай Бұхараға жол тартқан керуенді барымталап, Ресейге 295 мың сом шамасында шығын келтіреді [13, 218 б.]. Ресейдің тарапынан қолдау тауып, Кіші жүздің ханы деген лауазымға бейбіт түрде қол жеткізе алмаған сұлтан Қаратай Нұралыұлы жанына Ордаға белгілі батырларды топтастырып, Ресей мен Орта Азия хандықтары арасында жүрген сауда керуендерінің кез-келгенін барымталап отырады. Осы арқылы ол өзінің талабын орындатқысы келгендігі түсінікті жайт. Сонымен бірге осы кезеңде Көтібар, Арыстан тәрізді батырлар Ордадағы (Кіші жүзде – авт.) нағыз кәсіпқой барымташыларға айналған болатын. Олар Орда ішіндегі барымтамен шектелмей, тіпті шеп бойындағы орыс бекіністеріндегі жылқыларды да қуып алады. Көріп отырғанымыздай деректер негізінде келтірілген барымталардың қай-қайсысы болмасын батырлардың қатысуынсыз өтпеген. Бұл жерде тағы бір мәселені естен шығаруға болмайды. Ол қазақ қоғамындағы батырлардың барлығы бірдей дәрежеде болған жоқ, мәселен, бірі ру ішіндегі ғана батыр болса, келесісі бүкіл бір Ордаға танымал болды, ал үшінші біреулері ұлттық деңгейдегі тұлғалар болатын. Сондықтан алғашқы екі топқа жататын батырлардың іс-қимылын барымтамен байланыстырсақ та, соңғы топ батырларының әрекеті барымтадан гөрі шауып алуға, яғни саяси құбылысқа жақынырақ. Көшпелілердегі мұндай құбылысты XVIII ғасырда-ақ П. Паллас байқаған болатын. Зерттеушінің көрсетуінше кез-келген шауып алу, яғни барымта аяқ-астынан пайда болып, оған ру ішіндегі қайсібір тәжрбиелі адам басшылық жасай алған. Ал ірі көлемдегі барымта алдын-ала кеңесте талқыланып, оны басқаруға жалпы халық мойындаған тұлға бекітілген [14, 579-580 бб.]. Бұған қатысты белгілі тарихшы С. Мәжитов былай деп жазады: «Шауып алу жүйесі Орта Азия мен солтүстік Кавказдың кейбір халықтарының қоғамдық даму заңдылықтарымен тығыз байланысты құбылыс... Шауып алу биліктің ықпалының, рудың байлығының өсуіне әсер етті. Сонымен бірге жорыққа қатысқан қарапайым жауынгердің материалдық сұранысын да қанағаттандырды [17, 243 б.]. Осылармен бірге XIX ғасырда қазақ даласында түрлі әскери-әкімшілік істер атқарған Н. Гродековтың еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, барымтада белгілі бір ережелер сақталған. Мәселен, бір деректер бойынша барымта тек түнде ғана орындалса, тағы бір ақпаратта барымтаның орын алғандығы қарсы жаққа ескертілген [18, 171 б.].

Барымтаның тағы бір ерекшелігі ол негізінен тек көшпелі халықтарға тән құбылыс. Мәселен, түркменнің аламандары бірнеше мың адамға дейін топтасып қорғанысы нашар бекіністер мен керуендерді тонаса [14, 45 б.], оңтүстік Ирандағы көшпелі кашкайлықтар XX ғасырдың орта шеніне дейін тұрақты әскерден тайсалмастан барымтамен айналысып, мұндай қарақшылықты олар қылмыс емес керісінше тайпаның батылдығы мен айбынының көрінісі деп есептеген [15, 97-98 бб.]. Зерттеушілердің көрсетуінше барымта ұйымдастырушылар екі мақсат көздеген. Біріншісі, олжа түсіру, енді бірі әлеуметтік статусын жоғарылату болған. Түркмендерде аламан басшылары басқаларға қарағанда екі есе мөлшерде олжа алса [15, 194 б.], оңтүстік иран тайпаларының басшылары әр түрлі мәлімет бойынша олжаның оннан бірінен оннан бесіне дейінгі мөлшерін алатын болған [15, 87 б.]. Олжадан елеулі үлес алмайтындар барымтаға әлеуметтік дәрежесін жоғарылату үшін қатысқан. Тіс қаққан жауынгер үшін барымта қоғамдық дәрежесін одан ары бекіте түсу болса, жастарға көпшілік ортаға таныла түсу мүмкіндігін беретін. Жалпы көшпелілер қоғамындағы барымта батыршылдыққа өтетін саты болды деп айтуға болады. Оған Созақ өңірінде өмір сүрген Абақ батырдың өз ауызынан айтылып, ұрпақтарында сақталған мынадай әңгіме дәлел бола алады: «Мен 13 жасымда ересектерге ілесіп, жылқы күзетіне шықтым. Ол кезде барымта көп, алып кетті, қуып кетті деген сөз құлаққа күнде естіледі. Қалмақ тие ме, қырғыз тие ме немесе қазақтың өз барымта – сырымташылары тие ме, әйтеуір, тыныштық жоқ. Қан – жоса болып, таяқ жеген күндер ед аз болған жоқ. Сөйтіп жүріп сүйек қатты. Мал адамның бауыр еті, айдап кетіп бара жатса қалай жібере бересің, шыр пып болып жылқыны бермеуге әрекет етесің, жау сені аямайды, сойыл сілтеп, ұрып түсіруге ұмтылады, сен де қарап тұрмайсың, қарсы қару жұмсайсың, баста жарылып, қолда мертігеді.

Ағайын арасында кемшілік көргені маған келіп шағынды. Найзаға сүйеніп тұрып ұйықтап, ат үстінде тұрып су ішкен күндерім көп болды. Сол жылы он тоғызда едім. Содан былай менің қатарларым батыр деп дәріптейтін болды» [4, 189 б.].

Сонымен бірге барымта арқылы арнайы бір ритуалдық белгілер анықталған. Солтүстік сомалилықтар жауынгер қатарына өту үшін көршілес тайпаға қарсы жорыққа қатысуы керек болды. Аравияның, Сирия шөлінің және Иран қосөзенінің бедуиндерінде тонаушылық жорықта өзін көрсетпеген жігіт әйелсіз қалу қаупінде болған, не болмаса нақты себепсіз жорыққа қатыспаған ер адамның күркесіне әйелдер мазақ ретінде қара жалау іліп кететін [15, 195 б.]. Бұл айтылғандар аталған халықтарда барымта ісіне қандай деңгейде мән берілгенін көрсетеді. Қазақ халқында да барымтаның өзіндік сипаты болғандығына жоғарыда тоқталып өткенбіз. Бір анығы қазақ халқының қоғамдық құрылымында барымтаның мақсаты мен мағынасы, міндеттері өзге халықтардікіне қарағанда анағұрлым кең болды және батырлар институтының әлеуметтік-экономикалық қызметін толықтай көрсетті. Сонымен бірге барымтаның, жалпы батырлар институтының ішкі-болмысын ашуда «олжа», «сауға» ұғымдары ерекше маңызға ие.

Біз жоғарыда басқа көшпелі халықтарда барымтадан түскен олжаның басым бөлігін ұйымдастырушылар алғандығын атап өткенбіз. Қазақ халқында да олжаның негізгі бөлігін батырлар алғанымен де, өзіндік ережелер сақталған болатын. Қарастырылып отырған тақырыптың бір өзегі болып табылатындықтан аталған ұғымдарға тереңірек тоқталсақ.

«Олжа» – бұл барымта барысында немесе соғыста қолға түскен жаудың қару-жарағы, малы, байлығы және тұтқындар. Ұғымның мазмұнын толығырық түсіну үшін 2005 жылы жарық көрген Ұлттық энциклопедияның 7-ші томында берілген ресми анықтамаға жүгінсек: «Олжа – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұғым. Жорық барысында қолға түскен тұтқындар мен материалдық байлықтар (мал, қару – жарак, т.б.) олжа саналып, әскерді марапаттаудың бір түрі ретінде көрсекен ерлікке, атақ – дәрежеге сай бөлінген. Олжаның бестен бір бөлігі (ең жақсысы) ханның, әміршінің үлесіне тиіп, қалғандары жеңіске қосқан үлестеріне қарай батырлар мен жауынгерлерге бөлініп берілген. Батырлық жырларда қазақ батырларының олжаға түскен қалмақ қыздарына үйленгені айтылады. Әскердің, батырлардың, қолбасшылардың еңбегін, қызметін әділ бағалап, уақытында марапаттау, олжа беру жауынгерлердің әскери рухын көтерген. Бұл әскери дәстүр қазақ хандығында ХІХ ғасырға дейін сақталды. Қазіргі кезде кездейсоқ тауып алынған зат олжа болып саналады». Демек олжа жауынгерлік дәстүрдің бір жұрнағы ретінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік – экономикалық қарым – қатынастардың құрамдас бір бөлшегі болып табылады.

Олжаның мән-мазмұны тарихи - әдеби шығармаларда кеңінен ашылған. Мәселен, соғыстан түскен олжа туралы Ақтамберді жыраудың төмендегі жыр жолдары айқын мәлімет береді:

«Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бастырып,
Түйедегі паршасын,
Әлпештеген ханшасын,
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа алар ма екенбіз» [16, 112 б.].

Бұл жерде жырау әрі қолбасшы Ақтамбердінің қалмақтар тарапынан көрсетілген зорлық-зомбылыққа ашуы шегіне жетіп, қазақ батырларының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару арқылы жауға тойтарыс беріп, олжаға жету күнін аңсағандығы көрініп тұр. Бір жағынан Ақтамберді жыраудың «олжасын» қазақ халқының еркіндегі ұғымымен де сабақтастыра қарастыруға болатындай.

Келесі жыр жолдарының да мазмұны қарастырылып отырған мәселемен сабақтасып жатыр:

«Мен Қоянақ баласы...
Барымтада олжа алған,
Кезегін жауға өткізген,
Торғауыт бұзып жол салған
Қарт Қожақ дейтін батырмын» [19, 18 б.].

Ал Бұқар жыраудың толғауында Абылай ханның батырларды жиып соғыстан түскен олжаны бөліске салғаны берілген:

«Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды,
Бөліске олжа түссін деп,
Хан Абылай бұйырды...» [16, 196 б.].

Сонымен бірге қазақ батырлары түскен олжаны халыққа үлестіріп берген. Оны біз «Қарадөң батыр» жырындағы мына жолдардан анық байқаймыз:

«Қалмақтан көп мал алып

Еліне сонда келеді,

Үлестіріп батырын

Бәрін де елге береді.

Жарлысын байға теңеді» [20, 196 б.], ал «Ер Бегіс» жырында:

«Алыспай-ақ Сүйеніш,

Аты мен сауытын

Олжа қылып алыпты [20, 249 б.] – деп соғыс кезінде және жорықтан кейін олжа ретінде қару-жарақ пен малды тарату жайын баяндайды. Келесі быр жыр үзіндісінде қолға түскен тұтқындарды бөлу барысы сипатталады:

«Еліне жетіп келгесін

Ата-ананың жұртына

Қызылбас ұлдары бөлінді

Көп олжа болып көрінді» [20, 305 б.].

Қазақ халқының батырлар дәстүрінде соғыстан кейін олжа бөлісу барысында жорыққа қатысқан адам өзіне тиесілі үлесін қолбасшыға немесе жасы үлкенге «тарту» ретінде ұсына алған. Мысалы, Олжабай Нұралыұлының «Сабалақ» тарихи поэмасында былай жырланады:

«Қалмақты тас-талқан ғып шауып алды,

Қалың қол көп олжаға батып қалды,

Он нарға тоғанақтап жасау артып,

Сабалақ Бөкеңе әкеп тарту салды [21, 31 б.].

Жалпы, жоғарыда келтірілген жыр үзінділері қазақ қоғамында, соның ішінде батырлар институты қызметінде олжаның өзіндік ерекшеліктері болғандығын анық көрсетіп отыр. Біздің жоғарыда олжаның басқа көшпелі халықтарға қарағанда, қазақ қоғамында мағынасы кең және мазмұны терең деуіміз осыдан. Мұның өзі тегіннен-тегін емес. Өйткені оның тарихи тамыры көне түркі дәуірінде қаланғандығын деректер растай түседі. Сөзіміз дәлелсіз болмас үшін көне түрік жазба ескерткіштеріндегі үзіндіге кезек берсек: «Қаған болғанда жорықтарға шығып, мүсәпірлер мен кедейлердің жағдайын көтердім, кедейлер бай болды...» не болмаса «...баса кіріп (ол елден) қызыл алтын мен ақшыл күміс, қызыл жібек пен асылтастарын, қисапсыз (әртүрлі) алымдар әкелдім», - деп түрік қағандарының бірі тас бетіне бедерлеген [22, 8 б.].

Батырлар институты әлеуметтік-экономикалық қызметінде «олжа» ұғымымен қатар «сауға» сөзі жапсырлас жүреді. Әдетте «олжа» соғысқа қатысқан адамдар арасында және жорыққа қатысып, қайтыс болғандардың отбасыларына бөлінсе, ал «сауғаның» бірнеше түрі болған. Алғашқысы ол жорықтан қайтқан батырдан сыйлық алудың бір түрі. Бұл ұғымның тікелей әскери олжамен байланыстылығын халық арасындағы «батырдан сауға, аңшыдан сыралға» сөз тіркесі дәлелдей түседі. Мәселен, «Ақжолтай Ағыбай батыр» жырында:

«Біреуі сол тоғыздың Ақауыз ат

Порымы жануардың жылқыдан жат.

«Сауға» деп Ер Наурызбай сұрап алды,

Жүрісі, сүйегімен бәрі де ұнап» [23, 47 б.].

Қарастырыл отырған ұғымның келесі бір мағынасы жеңілген немесе тұтқынға түскен жауынгердің жанын сауғалаумен байланыстырылады. Мәселен, «Қабанбай батыр» жырының мазмұны бойынша батырдың соңғы жорығы қырғыздарға қарсы бағытталады. Сол жорықта аталған батыр қырғыздың Аманәлі атты батырын жекпе – жекте өлтіреді. Сонда жеңілген батырдың қызы зар жылап, жоқтау айтып «сүйек сұрау» дәстүрі бойынша, яғни сауға ретінде әкесінің денесін алып кетеді [24, 90 б.].

Жалпы, «сауға сұрау» түсінігі Қ. Ахметжановтың пайымдауынша ел ішіндегі асыраушысы жоқ жарлы мен жетімдердің әскери олжадан үлес алу негізінде пайда болған [25, 19 б.]. Сондай-ақ «сауға» батырлардың маңызды әлеуметтік қызметінің бірі – соғыста қаза тапқан жауынгерлердің, батырлардың отбасыларына көмектесуінің түрі. Батырлар жырында осы қызметке ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, «Ер Бегіс» жырында:

Жолдасым сапар шегерде

Тапсырып кеткен өлерде

Ата менен анасын

Іште қалған баласын

Жар жолдасы сені де

Тапсырды маған кетерде [26, 258 б.], - деп батырлардың әлеуметтік жауапкершілігі жырланады. Белгілі бір әлеуметтік жауапкершілікті өз мойындарына алаған батырлардың тағы бір ерекшелігі олардың меншік иелері болуымен айқындалды. Меншікке олар мұрагерлік немесе әскери қызметімен ие болатын. Мысалы Жәнібек батыр «тархан» лауазымын алған соң оған жер т.б. жеңілдіктер мен жалақылар тағайындалғаны белгілі.

Мысалы, Кіші жүзге барып қайтқан казак атаманы Ғабдіразақов Исмагил молданың 1748 жылы қарашада тіркелген жазбасында Жәнібек тархан мен Есет тархандарға қарасты рулардың да мекен ету аймағы көрсетілген [12, 436 б.]. Бұл құжаттардан жоғарыда аталған батырлардың бірқатар рулар мен тайпаларға биліктерін жүргізіп, басқару құрылымындағы дәрежесін көрсетсе керек.

Сонымен өзіміз жоғарыда тоқталып өткен үш ұғымға қатысты қорытынды шығару арқылы байқайтынымыз, біріншіден, аталған ұғымдардың мазмұнына сәйкес орындалатын іс-әрекеттердің барлығы зерттеу тақырыбымыздың негізі болып отырған батырлар институтының қатысуынсыз өтпеген. Екіншіден, осы ұғымдар арқылы қазақ қоғамындағы батырлардың әлеуметтік-экономикалық қызметі толық көрінеді. Бір сөзбен айтқанда батырдың қоғамдық мәртебесі аталған ұғымдармен байланысты іс-әрекеттерге тартылу мөлшеріне қарай анықталған.

Әдебиеттер:

1. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. – М.: Издательство Московского университета, 1976. – 321 с.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Наука, 1985. – Т.4. – 461 с.
3. Аполлова Н. Г. Рукоприкладство как источник для изучения социальных отношений в Казахстане во второй половине XVIII века // Вопросы социально-экономической истории и источниковедения периода феодализма в России. – М.: АН СССР, 1961. – 366 с.
4. Тоқтабай А. Барымта – батырлық мектебі // Отан тарихы. – 2007. – №3. – 186-194 бб.
5. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен до XVIII столетия // Известия ОАИЭИКУ. – Казань, 1904. – Т. 20. – Вып. 4-5. – С. 49-158.
6. Костенко Л. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1871. – 358 с.
7. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVI-XIX веках. – Алма-Ата, 1959. – 448 с.
8. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи: Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства. – СПб.: Дело. Изд. С. Доратовского и А. Чарушниковой, 1907. – 79 с.
9. Материалы по истории Сюнну / Предисл., пер. и примеч. В. С. Таскина. – М.: Наука, 1968. – 176 с.
10. Шойынбаев Т. Восстание Сыр-Дарьинских казахов. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. – 200 с.
11. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. – СПб: Тип. Карла Крайя, 1832. – Ч. III. – 304 с.
12. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 744 с.
13. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1900. – 524 с.
14. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. – СПб.: При Императ. Акад. наук, 1773. – Т. I. – 472 с.
15. Иванов М.С. Племена Фарса. Кашкайские, хамсе, кухгилуйе, мамсани. – М.: АН СССР, 1961. – 172 с.
16. Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 241 б.
17. Мажитов С.Ф. Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII-начала XX вв. в Казахстане. – Алматы: Мектеп, 2007. – 350 с.
18. Гродеков Н.И. Война в Туркмении. Поход Скобелева в 1880-1881 гг. – СПб.: Тип-я В. С. Балашева, 1883. – Т. 1. – 158 с.
19. Ер Тарғын: Батырлық эпос / Қара сөзбен жырлаған М.Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1985. – 88 б.
20. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 4. – 400 б.
21. Нұралыұлы О. Сабалақ-Абылай хан: Тарихи дастан / Дайындаған Қ.Нұралин // Жұлдыз. – 1992. – №7. – 145-156 бб.
22. Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері: көне тамыры мен сабақтастығы. – Алматы: ИЛЬ-ТЕХ-КІТА», 2005. – 132 б.
23. Ақжолтай Ағыбай батыр. – Жезқазған, 1992. – 180 б.
24. Картаева Ш.Е. Қазақ халқының әскери өнері және жауынгерлік дәстүрі (XV-XVI ғғ.): тарих ғыл. канд. дисс. ... – Алматы, 1999. – 157 б.
25. Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 256 б.
26. Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 5. – 380 б.

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЙ ОБРАЗ КАЗАХСТАНА В ЗАРУБЕЖНОЙ ПРЕССЕ XIX ВЕКА

Материалы по истории и этнографии Казахстана представляют все еще большой массив не изученных письменных источников, несмотря на реализацию государственных программ «Культурное наследие», «Народ на волнах истории». Наименее изученную часть составляют зарубежные периодические издания: газеты и журналы.

Зарубежная периодическая печать XIX – первой четверти XX вв., в том числе английская, американская, немецкая, французская и т.д. крайне редко подвергается научному анализу. Она обладала и обладает высоким информационным потенциалом, своевременно информируя своих читателей того времени о различных событиях в мировом масштабе. Выявление географических особенностей, изучение их в комплексе с национальными традициями, бытом и нравами помогли определить роль окружающей природной среды, особенно у казахов-кочевников, как факторов политической и социально-экономической жизни народа казахской степи. Номадизм, описание юрты, пищи и напитков казахов, рецепты приготовления кумыса, традиционное право казахов, родоплеменная организация казахского общества с семьей, язык, культура, соколиная охота, обряды женитьбы и сватовства с национальной игрой кыз-куу и т.д. становились существенными объектами этнографического изучения. К этому следует добавить выявленные такие этнографические заметки, крайне редко описываемые, как пеленание детей и стирка белья у казахов. Выявленные материалы о киргизских лошадях, киргизской борзой, тазы, привезенные во Францию, составляют золотой фонд зарубежной этнографии Казахстана.

Эти материалы были выявлены в ходе реализации научно-исследовательского проекта грантового финансирования КН МОН РК «Этнография Казахстана в зарубежной периодике XIX – первой четверти XX вв.» (2012-2014 гг.) на базе французской и американской периодической печати. По итогам исследования подготовлен историографический сборник «Этнография Казахстана в зарубежной периодике XIX в. - первой четверти XX в.» объемом 367 страниц, куда вошли собственно статьи и их переводы на русский язык.

Выявленные статьи позволили проследить динамику развития интереса в Центральной Азии и казахским степям, российской колонизации, установление советской власти в регионе.

По материалам научно-исследовательского проекта было подготовлено 18 статей, опубликованных в отечественных и зарубежных изданиях. Важно отметить, что в проекте принимали участие магистранты, овладевающие методикой и методологией научно-исследовательской работы. Они также публиковали статьи, принимали участие в Республиканских конкурсах научно-исследовательской работы студентов и магистрантов, занимая 2-3 места. Несмотря на то, что проект завершился, новые студенты и магистранты продолжают на основе проекта принимать участие в работе международных конференций и конкурсах.

Комплекс выявленных материалов по этнографии Казахстана представляет беспрецедентный метод обучения английскому и французскому языку на примере статей из американских и французских газет XIX в., которые ранее не использовались в отечественной практике иноязычного образования.

Одна из самых изучаемых тем в зарубежной периодике – тема номадизма казахов как особая форма хозяйственно-культурного типа, которая оставила глубокий след в истории человечества. Сквозь эту тему проходило описание традиций, обычаев, родоплеменной организации казахского общества с особенностями казахской семьи, вероисповедания, описанием юрты, одежды, привычек и т.д. Центральноазиатский регион и казахские степи вызывали стратегический интерес и в западной имела прикладной импульс, сыгравший важную роль в применении ее исследований в качестве политической силы.

В ходе исследования были выявлены новые имена исследователей, путешественников, военных, ученых, писателей, членов разных обществ, как исторических, так и географических. В нью-йоркском издательстве «Харпер и Бразерс» вышла книга Уильяма Хэпворта Диксона «Свободная Россия», в которой подробно описывается та часть России, еще нетронутую туристами-писателями. «Главы книги живописно и живо описывают встретившихся на пути паломников, монахов и приходских священников; деревенское правосудие и патриархальную жизнь, нищих и бродяг; казаков, калмыков и киргизов...» [1].

Бывший офицер английской гренадерской гвардии Клайд Бигхэм в 1895-1896 гг. совершил путешествие из Константинополя в Кашгар, население которого «составляет более двух миллионов,

Гельдиянзина О. А. Изделия из тыквы у туркмен	189
Аяпова Д.Б. Е Традиционная культура казахов в работе Э.Н. Фелла	191
Шагирбаев М.С., Сүйеубай Ұ.Н. Қазақ халқы киімдерінің генезисіне талдау (этнографиялық және археологиялық деректер негізінде)	193
Терекбаева Ж.М. Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесінің кейбір тарихнамалық және деректанулық мәселелері.....	196
Бейсеғұлова А.Қ. Түркиядағы қазақ диаспорасының заттық мәдениетінің кейбір ерекшеліктері	201
Аширбекова Қ.С., Рақымбеков Ж.К., Мажикқызы Н. Қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығындағы кейбір наным-сенімдер	206
Тленова Т.Т., Рахимжанова М.Д. Қоғамның «рухани жаңғыруындағы» этнология ғылымының ролі және ондағы өзекті мәселелер.....	208
Нургожина Б.Е. Особенности декоративно-прикладного искусства в традиционной одежде казахов в XVIII-XIX вв	211
Төлен Н.Қ. Наурыз - жаңару мен жаңғыру үлгісі.....	215
Жүсіпқалиев С.Н. XVIII-XX ғғ. қазақ-қытай байланысы мен тарихи жағдайы	221
Шағатаева А. Семей қаласындағы еврейлердің мәдени-танымдық қызметі (1921-1923 жж.)	226
Саврамбаев А.Т. Алматы қаласы халқына миграциялық үдерістердің әсері	229
Есенбаева Д.А. Қазіргі қазақ тойының келбеті.....	233
Жайлыбаев Д.Ж. Оңтүстік Қазақстан облысы әзірбайжандарының этнотілдік көрсеткіштері	238
Қабдолдина Г. А. Халықтық бала тәрбиесіндегі дәстүр сабақтастығы (Х. Арғынбаев еңбектері негізінде).....	244

III СЕКЦИЯ

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҒЫЛЫМДАР: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, КӨРКЕМӨНЕР, ФОЛЬКЛОРАНУ ЖӘНЕ Т.Б. ЭТНОЛОГИЯ И СМЕЖНЫЕ НАУКИ: ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ, ИСКУССТВОВЗНАНИЕ, ФОЛЬКЛОРИСТИКА И ДР.

Ксенжик Г.Н. Картографические источники нового времени	248
Жанәбіл Жігер Сүбетайдан қожаберген батырға дейінгі дала сардарларының қоғамдық ықпалына қысқаша талдау.....	252
Баймолда Д. Абақ Керей Қожаберген батырға 320 жыл	257
Тоқтабай А.У. Шұбарайғыр Қожаберген батыр Жәнібекұлы	261
Нурсултанова Л.Н., Атаева Т.Т. Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениеті мен білімі: зерттеу мәселесі ретінде	262
Дауытбекова М.Қ., Ерғабылов А. Батырлар институтының әлеуметтік-экономикалық қызметі	265
Шаймарданова З.Д. Социально-культурный образ Казахстана в зарубежной прессе XIX века.....	272
Сихымбаева К.Б. Қазақстандағы одонтологиялық зерттеудің нәтижелері.....	276
Ахметова Ш.К., Толпекко И.В. К вопросу о планиграфия казахских кладбищ среднего прииртышья	280
Есеркепова Ж.О. ҚХР Саяси өміріндегі ақпараттық соғыстың ролі мен әсері	284
Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың Түркістанның нотариальдық архив құжаттарын аман алып қалудағы тарихи еңбегі.	289
Муканова Г.К. Социализация архетипов великой степи на страницах журнала «Айқап», начало XX века	291
Енсепов А.Ә. Дала билерінің қазақ қоғамындағы орны мен ролі.	293
Абдрахманова К.К. Уровень жизни горожан центрального Казахстана в эпоху «застоя» и «перестройки» в контексте истории повседневности.....	296
Каженова Г.Т. Язык и фольклор сибирских казаков в призме межкультурного взаимодействия с казахами (XIX – начало XX вв.)	301
Sala R., Deom J.- M. The «Karez» of the sauran region (Turkestan oasis)	307
Дарменов.Р.Т., Тажекеев А.А., Утубаев Ж.Р. История изучения культовых построек восточного Приаралья	314
Шарипова Д.С. Орнаментальные тенденции в книжной графике Казахстана.....	317
Туякбаев М.К., Нурханов Б.У. Археологические исследования на территории рабада городища Ясы-Культобе в 2017 г.	322
Хамитова М.А. Туған жер: тың игеру тарихынан.	330
Құрманалина Н.Н. Тарихи зерттеулерді жүргізудегі фольклордың орны.	335
Апендиев Т.А., Сатов Е.Ж. Қазақстан тарихы бойынша түрік деректеріне тарихнамалық шолу.....	339
Асанбеков Н.К. Бытие понятия «Тенгредей» в Орхоно-Енисейских письменных памятниках.....	342
Рахимжанова С.Ж., Аккошқарова Ж.Т. Предварительные итоги технологического анализа керамики Арало-Каспийского региона.....	345
Kubeyev R.D. On some peculiarities of the muslim tradition in kazakhstan as a part of the national culture (historiographic review).....	349